

**Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді қызметтегі әскери
қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1996
жылдың сәуір-маусымында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2919

"Жалпыға бірдей әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының Z939000_ 13-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер 1996 жылдың сәуір-маусымында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары қатарынан запасқа шығарылсын.
2. Шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақырылуын кейінге қалдыру құқығынан айрылған азаматтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына 1996 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке шақырылсын.
3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері облыстық, қалалық және аудандық шақыру комиссияларының жұмысын қамтамасыз етсін, шақыруды ұйымдастыран түрде өткізу және мерзімді әскери қызметтің өткериу үшін шақырылған азаматтарды әскерлерге жөнелту жөнінде қажетті шаралар қолдансын.
4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен бірлесіп, мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды іздестіру және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту шараларын қолдансын.
5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті